

**«Қазақтелеком» АҚ Басқармасының  
2023 ЖЫЛҒЫ \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_  
шешіміне  
3-қосымша**

**Адам құқықтары саласындағы саясат**

**2023 ЖЫЛ**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Адам құқықтары саласындағы саясатты (бұдан әрі – Саясат) "Қазақтелеком" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Қазақтелеком" АҚ) озық халықаралық стандарттарды ескере отырып, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес адам құқықтарын сақтауға бейілділігін көрсету үшін бекітті.

2. Осы Саясаттың мақсаты "Қазақтелеком" АҚ жұмысскерлерінің, клиенттерінің, жеткізушілерінің, серіктестерінің, акционерлерінің және "Қазақтелеком" АҚ қызметімен қандай да бір байланысы бар өзге де мүдделі тұлғалардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге бірыңғай көзқарасын қалыптастыру болып табылады.

3. Бұл Саясат өз қызметін жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде адам құқықтарын сақтау мақсатында "Қазақтелеком" АҚ басшылыққа алатын қағидаттарды белгілейді.

4. Саясат ережелері "Қазақтелеком" АҚ-ның ерікті түрде қабылдаған міндеттемелері болып табылады.

5. Бұл Саясат жалпыға қол жетімді құжат болып табылады. "Қазақтелеком" АҚ жұмысскерлері атқаратын лауазымына қарамастан саясат талаптарын сақтауға міндетті.

6. "Қазақтелеком" АҚ өз мүдделі тараптарынан, оның ішінде жеткізушілер мен серіктестерден Саясатта баяндалған қағидаттарды ұстануды күтеді. Шарттар жасасуға байланысты рәсімдер шеңберінде "Қазақтелеком" АҚ өз жеткізушілері мен серіктестерін Саясат қағидаттары туралы хабардар етуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ олардың Саясатпен танысу туралы өтінішке қол қоюын қамтамасыз етеді.

7. "Қазақтелеком" АҚ еншілес компанияларына осы Саясаттың қағидаттарына сүйене отырып, адам құқықтары саласындағы өз саясатын бекіту ұсынылады.

8. Бұл Саясатты Іскерлік этика кодексімен, Орнықты даму саясатымен, Тең мүмкіндіктер, инклюзивтілік және алуан түрлілік саласындағы саясатпен және адам құқықтарын қорғауға және сақтауға бағытталған "Қазақтелеком" АҚ-ның басқа да ішкі құжаттарымен бірлесіп қарау керек.

## **2. Негізгі терминдер**

9. Осы саясатта мынадай терминдер қолданылады:

1) дискриминация - адамның айрықша белгілеріне негізделген кез келген айырмашылық, ерекшелік немесе артықшылық және соның нәтижесінде еңбек, жеке өмір және кәсіп саласындағы мүмкіндіктердің немесе өтініштердің теңдігін жою немесе бұзу;

2) мүдделі тұлға - "Қазақтелеком" АҚ-мен оның қызметі барысында өзара іс-қимыл жасайтын және осы қызметке тікелей немесе жанама ықпалы және/немесе ықпал ету мүмкіндігі бар кез келген заңды немесе жеке тұлға (немесе олардың топтары);

3) серіктестер - шарттық қатынастар негізінде "Қазақтелеком" АҚ-мен өзара іс-қимыл жасайтын жеткізушілер, консультанттар және өзге де тұлғалар;

4) адам құқықтары - адам тұлғасына тән қадір-қасиетті, сондай-ақ барлық адамдардың бостандығы мен теңдігін тануға негізделген әрбір адамның ажырамас құқықтары;

5) мәжбүрлі еңбек – жазалау немесе мәжбүрлеу қаупімен қандай да бір адамнан талап етілетін қызметтің, жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтің барлық түрлері.

### **3. Қолдану саласы**

10. Саясат "Қазақтелеком" АҚ қызметінің және мүдделі тараптармен өзара іс-қимылының барлық түрлеріне қолданылады.

### **4. Негізгі қағидаттар**

11. «Қазақтелеком» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын, БҰҰ Жаһандық шартын және Халықаралық еңбек ұйымының еңбек саласындағы негізгі қағидаттар мен құқықтар туралы декларациясын қоса алғанда, адам құқықтары жөніндегі халықаралық нормалар мен ережелерді сақтайды.

12. "Қазақтелеком" АҚ әрбір адам дініне, жынысына, тіліне, жасына, ұлтына, мүгедектігінің болуына, отбасылық мәртебесіне, әлеуметтік тегіне немесе өзге де белгілері мен ерекшеліктеріне қарамастан, қадір-қасиеті мен құқықтары бойынша еркін және тең деп сенеді.

13. "Қазақтелеком" АҚ жұмыс орнындағы дискриминация және адамның қадір-қасиетіне қол сұғудың, физикалық және психологиялық зорлық-зомбылықтың қандай да бір түрін қабылдамайды.

14. "Қазақтелеком" АҚ басқа адамдарды немесе ұйымдарды адам құқықтарын бұзуға ықпал ететін, көтермелейтін немесе итермелейтін қандай да бір әрекеттерге қарсы.

15. "Қазақтелеком" АҚ, оның ішінде "Қазақтелеком" АҚ серіктестері мен өзге де мүдделі тараптары тарапынан мәжбүрлі еңбекке, балалар еңбегіне, адам саудасына үзілді-кесілді қарсы.

16. "Қазақтелеком" АҚ адамның қадір-қасиетін қорғауға және жеке өмірге қол сұғылмаушылыққа кепілдік береді.

17. "Қазақтелеком" АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қатысты абсолютті төзбеушілік қағидатын ұстанады.

18. "Қазақтелеком" АҚ озық тәжірибелерге сәйкес адам құқықтарын сақтау саласындағы тәуекелдерді басқару рәсімдерін дамытуға ұмтылысын білдіреді.

19. "Қазақтелеком" АҚ тиісті байқампаздық таныта отырып, өз қызметі барысында адам құқықтары саласындағы кез келген қолайсыз салдарларды анықтауға және алдын алуға ұмтылады.

20. "Қазақтелеком" АҚ үшінші тараптармен өзара іс-қимыл жасау кезінде адам құқықтарын сақтауға бағытталған бастамаларды әзірлеуге және енгізуге ұмтылысын білдіреді.

21. "Қазақтелеком" АҚ-ның мүдделі тараптармен қарым-қатынасы әділдік және адам құқықтарын құрметтеу қағидаттарына негізделеді.

22. "Қазақтелеком" АҚ барлық мүдделі тараптармен ашық диалог жүргізу және үздік тәжірибелерді енгізу арқылы адам құқықтарын қолдаудың корпоративтік тәжірибелерін жетілдіруге ұмтылысын білдіреді.

## **5. Адам құқықтары саласындағы міндеттемелер**

23. "Қазақтелеком" АҚ клиенттерге қатысты адамдық қадір-қасиетіне, оның ішінде діні, жынысы, тілі, жасы, ұлты, мүгедектігі бойынша дискриминация мен қол сұғушылықтың болмауына кепілдік береді.

24. "Қазақтелеком" АҚ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес клиенттердің деректері мен дербес ақпаратының барынша ықтимал қауіпсіздігі мен құпиялылығын қамтамасыз етеді.

25. "Қазақтелеком" АҚ озық тәжірибелерге сәйкес салалық ерекшелікті ескере отырып, адам құқықтарын қорғау саласындағы бағдарламаларды қалыптастыруға және енгізуге ұмтылады.

26. "Қазақтелеком" АҚ қызметкерлермен қарым-қатынас орнату кезінде теңдік, алуан түрлілік, инклюзивтілік және нөлдік кемсітушілік қағидаттарына бағдарланады.

27. "Қазақтелеком" АҚ қызметкерлерге қатысты адамдық қадір-қасиетіне, оның ішінде діні, жынысы, тілі, жасы, ұлты, мүгедектігі бойынша дискриминация мен қол сұғушылықтың болмауына кепілдік береді.

28. "Қазақтелеком" АҚ барлық жұмыскерлердің құқықтарын, оның ішінде пікір білдіру және ұжымдық келіссөздер жүргізу құқығын сақтайды.

29. "Қазақтелеком" АҚ жұмысқа қабылдау мен еңбекті нормалаудың нақты тұжырымдалған ережелеріне сәйкес барлық жұмыс орындарына үміткерлер мен жұмыскерлерге тең мүмкіндіктер ұсынады.

30. "Қазақтелеком" АҚ бәсекеге қабілетті, қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасайды, барлық қызметкерлердің еңбек саласындағы құқықтарын қорғайды, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлық қызметкерлерге лайықты еңбекақы мен әлеуметтік қамсыздандыруға кепілдік береді.

31. "Қазақтелеком" АҚ іскер әріптестеріне қатысты кемсітушіліктің және адамдық қадір-қасиетіне, оның ішінде жынысы, діні, тілі, жасы, ұлттық және нәсілдік қатыстылығы, мүгедектіктің болуына қол сұғушылықтың болмауына кепілдік береді.

32. "Қазақтелеком" АҚ өз серіктестерінің қызметінде кемсітушілік пен адамдық қадір-қасиетіне қол сұғушылықтың, мәжбүрлі еңбектің, балалар еңбегінің, қысымшылық пен зорлық-зомбылықтың кез келген түрінің болуын қабылдамайды.

33. "Қазақтелеком" АҚ қатысу мәдениетін қалыптастыруға ықпал ете отырып, өз жұмыскерлері үшін адам құқықтарын сақтау мәселелері бойынша оқыту жүргізудің маңыздылығын түсінеді.

34. "Қазақтелеком" АҚ серіктестерде адам құқықтары жөніндегі жария түрде тұжырымдалған корпоративтік саясаттың болуын құптайды.

35. "Қазақтелеком" АҚ жалпы қоғаммен және "Қазақтелеком" АҚ өкілдік еткен өңірлердің халқымен ашық, құрметті және сындарлы ынтымақтастыққа бағдарланады, сондай-ақ адам құқықтары мәселелері бойынша қоғамның мүдделі өкілдерімен ұзақ мерзімді өзара іс-қимылға ұмтылады.

## **6. Саясаттың орындалуы**

36. "Қазақтелеком" АҚ өз қызметінің саясат қағидаттарына сәйкестігінің тұрақты ішкі мониторингін жүзеге асырады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасындағы және адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттардағы өзгерістерге мониторинг жүргізеді.

37. "Қазақтелеком" АҚ жұмыскерлерді саясаттың ережелерімен және қағидаттарымен таныстырады.

38. "Қазақтелеком" АҚ мүдделі тараптармен диалогты қолдайды және олардың адам құқықтарына қатысты пікірін ескеруді қамтамасыз етеді.

39. "Қазақтелеком" АҚ жұмыскерлерге және өзге де мүдделі тараптарға саясаттың ықтимал бұзушылықтары туралы кедергісіз хабарлауға мүмкіндік береді және өтініштердің құпиялылығына кепілдік береді.

40. Саясатты бұзу туралы хабарлау төмендегі әдістердің бірімен жүзеге асырылады:

1) сенім телефонына жүгіну арқылы (телефон: 8 800 080 47 47, 8 771 191 88 16, 8 701 941 10 01; интернет-портал: <http://www.sk-hotline.kz/>; электрондық пошта: [mail@sk-hotline.kz](mailto:mail@sk-hotline.kz));

2) Комплаенс қызметіне жүгіну арқылы (телефон: 8 727 259 99 56, 8 800 080 26 62; электрондық пошта: [tlek.issakov@telecom.kz](mailto:tlek.issakov@telecom.kz));

3) өзінің тікелей басшыларына немесе құрылымдық бөлімшенің басшысына жүгіну арқылы жүзеге асырылады.

41. Саясатты бұзу туралы барлық өтініштер өтініштерді қараудың ішкі рәсімдеріне сәйкес уақтылы қабылданып, объективті қаралуға тиіс.

42. Адам құқықтарының бұзылуы туындаған немесе анықталған жағдайда, "Қазақтелеком" АҚ қысқа мерзімде теріс салдарларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді, сондай-ақ адам құқықтарын қамтамасыз ету практикасын жетілдіру жөніндегі түзету шараларын жүзеге асырады.

43. "Қазақтелеком" АҚ жалған ақпарат қасақана немесе пайдакүнемдік мақсаттармен хабарланбаған жағдайда, Саясаттың ықтимал бұзылуы туралы хабарлаған жұмыскерлерге қатысты жауап шаралары мен әкімшілік жазалардың болмауына кепілдік береді.

## **7. Саясаттың сақталуын бақылау**

44. "Қазақтелеком" АҚ Басқармасы "Қазақтелеком" АҚ жұмыскерлерінің саясатты орындауын бақылауды жүзеге асырады, оның тиімділігі мен өнімділігін бақылайды және талдайды.

45. "Қазақтелеком" АҚ құрылымдық бөлімшелерінің басшылары тиісті бөлімшелер қызметкерлерінің саясат қағидаттары мен тәсілдерін сақтауын қамтамасыз етеді.

## **8. Жауапкершілік**

46. "Қазақтелеком" АҚ-ның барлық жұмыскерлері атқаратын лауазымына қарамастан Саясатты орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.

47. Осы Саясатта көзделген қағидаттарды бұзғаны үшін "Қазақтелеком" АҚ-ның кез келген жұмыскеріне, атқаратын лауазымына қарамастан, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген тәртіппен тәртіптік жазаның тиісті түрлері қолданылуы мүмкін.

48. Саясат ережелерінің сақталуын бақылау үшін жауапкершілік "Қазақтелеком" АҚ операциялық тиімділік жөніндегі бас директорға бекітілді.

## **9. Қорытынды ережелер**

49. Саясатты "Қазақтелеком" АҚ Директорлар кеңесі бекітті.

50. Саясатқа өзгерістер мен толықтырулар "Қазақтелеком" АҚ Директорлар кеңесінің шешімі негізінде белгіленген тәртіппен енгізіледі.

51. Адам құқықтарын сақтау саласындағы озық тәжірибелерге сәйкес болу мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасы мен адам құқықтары саласындағы халықаралық талаптар өзгерген жағдайда, "Қазақтелеком" АҚ қажеттігіне қарай Саясатты қайта қарауды ұйымдастырады.